




EGEMEN QAZAQSTAN

Мен таныған Расул (эссе)



Махачкала. Жазушылар одағы

Махачкаладағы Бүкілодақтық студенттер турнирі аяқталды. Мен бестікке кірдім. Бұл үлкен жетістік болатын. Әбілсейіт Айхановқа телеграмма салдым. Бүкілодақтық студенттердің құрама командасына кіргенімді, жиырма күн Махачкалада жаттығу жасайтынымызды айттым. Әбіл ағадан телеграмма алдым. «Тәубә. Айханов.» деген екі ғана сөз. Бұл Әбекеңе тән стилі еді. Махачкаланың почтальондары *тәубә* деген не сөз? деп екі күн есімді шығарғандары бар.

Расул Ғамзатов Махачкалаға келді. Ертең жұмыста болады деген хабар алдым. Менің қуанышымда шек жоқ еді. Алматыдан алған «Четкий лет» деген Расулдың Мәскеуде шыққан кітабын қолтығыма қысып, Жазушылар одағына шауып бардым.

Қабылдау бөлмесінде адам көп екен. Хатшы әйелге кім екенімді айттым. Автограф алайын деп Алматыдан келдім. Студентпін дедім. Хатшы әйел кітабымды алып ішке кіріп кетті де, лезде қайта шықты.

– Күте тұр, – деді.

– Күтем, – дедім.

Расулдың кабинетіне біреу кіріп, біреу шығып жатыр.

Түске таман ғана мені шақыртты-ау ақыры. Расул Ғамзатов төрде жалғыз отыр екен. Қолында мен жіберген кітап.

– Қай баласың? – деді.

– Қазақпын.

– Мұнда не ғып жүрсің?

– Палуандардың жарысына келдім.

– Қалай болды?
– Бесінші орын алдым.
– Өте жақсы. Дағыстанда аварларды, Ресейде орыстарды ешкім жеңе алмайды, – деп күлді. – Атың кім?

– Роллан.

– Оу, сен Ромен Роллан екенсің ғой. Жарадың! Мұхтар Әуезовті білемісің?

– Өзін көргем жоқ. Кітаптарын оқыдым.

Расул Ғамзатов бір сәт ойланып үнсіз қалды да, қайта тіл қатты.

– Жазушыларға жақын болып керегі жоқ. Кітаптарын оқысаң да жетеді.

– Сіздің барлық кітаптарыңызды оқығам.

– Сен өзі мықты жігіт екенсің ғой. Өлеңді жатқа оқи аласың ба?

– Оқимын. Сіздің өлеңдеріңізді оқиын.

Расул Ғамзатов таң-тамаша болып маған күлімсірей қарап алып, хатшы әйелді шақырды.

– Біздің жігіттерді жина, – деді.

Бірнеше жігіттер кабинетке кірді де, не тұруды, не отыруды білмей тұрып қалды.

– Мына жігіт студент. Палуан. Осында бесінші орын алыпты.

– Жақсы күресті. Тынысы жетпеді, әйтпесе үшінші орынға көтеріліп кетуге мүмкіндігі болды, – деді бір үлкендеу адам.

– Менің өлеңімді жатқа оқимын дейді.

– Қай тілде? – деп сұрады біреуі.

– Қазақша да оқимын. Орысша да оқимын.

– Мен марқұм Мұхтар Әуезовке өз өлеңімді Алматыдағы үйінде аварша оқып едім,

– деді Расул Ғамзатов.

Тау шыңдары жап-жақын боп көрінер

Етегіне созсаң қолың жеткендей.

Өрмелесең, жете алмассың шегіне,

Жер түбіне бір-ақ көшіп кеткендей.

Өлең жазу әншейін-ақ шығардай,

Жазған кезде, жан терің де төгілер.

Екі сөздің басын дұрыс құраудан

Шыңға шығу оңайырақ көрінер.

Жұрт таңғалды. Мен енді Расул ағамның орыс тіліндегі өлеңін оқып кеттім. Артынша Расул да, жазушы жігіттері де қол соқты.

Расул мені бауырына тартып құшақтады. Столының тартпасынан әдемі қалам алып шықты.

– Сенің атың Роллан. Француздың аты. Кезінде маған Луи Арагон мына бір қаламды сыйға тартып еді. Енді осыны мен саған сыйладым. Бағдаулет, сендер мына жас жігітті тамақтандырыңдар, құрмет көрсетіңдер, Луи Арагонның қаламына жақсы сия құйып беріңдер! – деп бұйырды. Артынша: – Сен Алматыға барғанда Мұхтар Әуезовтің музейіне менен сәлем айт. Ол ұлы Адам еді ғой. Рухына бас иі, жас досым.

Мен ол кезде он тоғыз жаста едім.

Расул Ғамзатов қырық екі жаста болыпты.

Ресей. «Москва» қонақүйі

Әнуар Әлімжановты «Домодедово» аэропортынан қарсы алып, «Москва» қонақүйіне орналастыруға алып келдім. Фойеде кісі жоқ екен. Өнекең депутаттық куәлігін беріп, бөлменің кілтін алған кезде, қонақүйден Расул Ғамзатов екі авар жігітімен фойеге шыға келді. Әнуарды көрген Расул, күлімсіреп, Әнуар ағамызды құшақтап, бауырына басты.

– Қазақтың ұлы жазушысын қай қабатқа орналастырдыңдар? – деп сұрады Расул. – Менің бөлмеме жақын жерден орын табындар.

Кезекші әйелдер Расулдың сөзін бірден ұғып, Әнекеңнің құжаттарын қайтадан тіркеді.

– Әнуар мені «Молодая гвардия» баспасының директоры тосып отыр. Мен жылдам ораламын. Келген соң бірге тамақ ішейік, – деді. – Ресторанға барма. Біз жүрген жерде сөз көп болады. Менің бөлмеде кездесейік.

– Расул Ғамзатович, кездесу менің бөлмеде өтсін. Аз ғана гонорар алған ем. Сізбен бөлісейін.

– «Молодая гвардия» маған гонорар беруі керек. Ақшаны бірге жұмсаймыз, – деп күлді.

Әнекең бөлмесіне үлкен дастарқан жасатты.

– Расулды Алматыға шақыртқам, келе алмады. Ыңғайы Мәскеуде келді. Дұрыс дастарқан жасатайық, Роллан.

Бір сағаттан соң, Расул Ғамзатов Әнекеңнің бөлмесіне кірді де, сәл тоқтап қалып барып, қасындағы екі авар жігітіне қарады:

– Үлкен халыққа үлкен бөлме береді, – деп жымыды. Сендер менің бөлмемен Дағыстанның бір бөшке коньягын әкеліндер, – деп бұйрық берді.

Екі авар азаматы асықпай бөлмеден шығып, асықпай бір емес, екі бөшке коньяк әкелді.

Расул Ғамзатов столға жайғасқан екі бөшке коньякка күлімсірей қарап алып, Әнекеңе бұрылды.

– Әнуар, Мәскеуде қанша күн болмақсың?

– Он күн шамасы.

– Жиырма күндей болсайшы. Кей-кейде жақсы інім, Алматыдағы жазушылардан да, Жазушылар одағынан да демалу керек. Сен демалуды білмейсің. Ал бүгін Жоғарғы Советтің жиналысы бітті. Мен боспын. Дағыстанда арақ іше алмайсың. «Москва» қонақүйінде тығылып арақ ішуге болады. Ақшаң жетпей қалып жүрмесін?!

– Қорғанбаңыз. Ақша жетеді. «Литературная газетаның», «Советский писательдің» баспаларының директорлары да келеді. Бізбен бірге кең отырыңыз.

– Менің тілегенім де осы ғой, – деп Расул Ғамзатов Әнуарды өзімсіне құшақтады, – Қазақтардай қонақжай халықты мен көрген емеспін, – деді Расул Дағыстан бауырларына бұрыла қарап. – «Менің Дағыстаным» кітабын мына Әнуар Әлімжанов қазақша шығарды. Шын жүрегімнен алғыс айтамын. Шарап құйылды ма?..

– Құйылды...

– Олай болса, Менің Дағыстаным үшін емес, Менің Қазақстаным үшін осы шарапты ішіп қоялық, – деді Расул.

– Бұл керемет сөз болды! – деді Расулдың досы, ақын Омаргаджи Шахтаманов.

– Керемет ішу бар, – деп жымыды Расул.

– «Менің Дағыстанымды» қазақтың атақты ақыны Ғафу Қайырбеков тамаша аударды. Қазақ елі сіздің кітабыңызды сүйсіне оқуда. «Жұлдыз» журналына арнайы басылды. Журналдың тиражы 265000.

– О-о-о! Бұл тираж-ақ, – деді Расул. – Ғафуға рахметімді жеткіз.

– Қазақстанға шақырдым келмедіңіз.

– Әнуар досым, менің екі Құдайым бар ғой. Біреуі Кеңес Одағының Жоғарғы Советі. Екіншісі Патимат. Біздің үйдегі жеңгең. Бұлар өте қатал. Адам жанын түсінбейді. Ақын жанын жандарына жолатпайды. Ақынға қарсы шабады, немесе тіксініп тұрып алады. Ал көктегі Құдай мені түсінеді, тіптен жақсы көреді. Коньяк ішіп отырғанымда маған көзін қысатыны да бар. Осы «Москва» қонақ- үйінде «Менің Дағыстанымның» жарты қолжазбасы жанып кетті. Қонақтардың бірінің темекі қалдығынан от алса керек. «Менің Дағыстаным» жанып жатқан, ал мен ұйықтап жатқам. Таңертең күл боп жатқан жарты бөлік қолжазбамды көргенде есім ауысып кете жаздады. Бар күшімді жинап

қайтадан жазуға отырдым. Далаға да шықпадым, серуенге де шықпадым, Дағыстанның тауларында тығылып жатып, қайтадан «Менің Дағыстанымды» жаздым. Намысымды шақырдым. Рухымды тіктедім. Енді ойласам, маған Кавказ таулары, Дағыстанның әулие-лері көмектесіпті. Олар болмаса 600 беттік кітапты Ғамзат Цадасаның баласы Расулдың қайта жазып шығуы мүмкін емес еді. Әнуар, сен қайда барасың? Отыр...

– Балконда темекі тартайын.

– Әнуар, сен ұлы азаматсың, Сендей ұлы түркі жігіті жоқ, оны бәрі біледі, бірақ ешқайсысы сені мақтап сөз айтпайды. Біздің жігіттердің іші тар, көңілдері қараңғы, шексіз эгоизм ауруына шалдыққандар. Сен оларға қарама. Сен өте жоғары мәдениетті адамсың, орысшаласақ интеллигентсің, өз үйіңде отырсың, өз үйіңде сөйле, темекіңді тарт, бәрі жарасымды. Сен сөз айт Әнуар, сен темекі тарт Әнуар. Дәл бүгінгідей кеш қайтып келмейді.

Сол кеште Әнекеңнің бөлмесіндегі дастарқанды Расул Ғамзатов басқарды, сөз сөйледі, ән айтты, әзіл айтты. Түнгі бірде ол бәрімізді Мәскеудегі үйіне шақырды.

– Патимат Махачкалада. Еркін отырындар, – деді Расул.

Сол түні, өз үйінде Расул Ғамзатов грузиннің «Арагви» ресторанынан тамақ алдырып, үлкен дастарқан жасатты.

– Әнуар, сенің бөлмеңде мен қожайын болдым, ал менің үйімде дастарқанды Дешті-Қыпшақтың асыл ұлы сен басқар, – деді.

Біз таңды атырғанша отырдық. Қандай әңгімелер айтылды, қандай тарих беттері шуылдап, күңіреніп, жылап ашылып, жылап жабылып жатты, сол кеш пен сол түн менің есімде мәңгі қалды.

Енді қарасам, сол отырыстан тірі қалған мен ғана екенмін.

Сол аяулы ағаларымды еске түсірген сайын көзіме жас келеді.

Дүниеден ұшты-күйлі жоғалып бара жатқан ар-ождан арқырап айбат шегеді. Енді не істейін?!.

Переделкино

Күз еді. Жазушылардың Переделкинодағы шығармашылық санаторийі сап-сары алтын жапырақтардың құшағына көміліп қалыпты. Шың еткен дыбыс жоқ. Манаураған тыныштық. Жазушының жанын рахатқа бөлейтін тылсым кез. Сап-сары жапырақтарды жапырып ақырын қозғалып келе жатқан егде адамды көрдім. Алыстан кім екенін шырамыта алмадым. Егде адам маған жақындап келгенде ғана таныдым.

Ол ұлы ақын Расул Ғамзатов еді. Екі қолымды бірдей көтеріп, қадірлі адамға қарсы жүрдім.

– Расул Ғамзатович! – дедім дауыстап. Өз ойымен өзі болып, көзін төмен салып келе жатқан қарт адам лезде басын көтеріп алып, маған тура қарады.

Бұл егде адам, Махачкалада мен көрген қырық екі жастағы жарқылдаған жарық жұлдыз Расул Ғамзатов емес еді, «Москва» қонақүйінде бізді ыстық, бауырмал құшағына қысқан асқар ойлы, ақылды Расул Ғамзатов та емес еді, бұл егде адам бойына қарттық қонған Расул Ғамзатов болатын. Қартайған Расул Ғамзатовты көру маған ауыр тисе де, сыр білдірмей күлімсіреп келіп, төсіне төсімді тигізіп амандастым.

Бұл 2002 жыл болатын.

– Қазақстан аман ба?– деп сұрады Расул ағам. – Өзіңнің халің қалай?

– Рахмет, Қазақстан аман, халім жаман емес.

– Керемет де! Бізді жамандайтындар көп.

– Халім керемет, Расул аға!

– Бұл дұрыс жауап. Енді ылғи Керемет! – деп жүр. Оны маған Олжас Сүлейменов үйретті. Ол қашан да керемет деп жауап қатады.

– Өз халіңіз қалай, Расул Ғамзатович?!.

– Керемет! Бірақ қарттық қақпасын ашты. Аздаған ауру-сырқау бар. Оған да көнбей жүр едім, асыл Патимат дүниеден озды. Енді жалғызбын, – деп ойланып тұрып қалды.
– Жалғыздық деген жалмауызбен жалғыз шайқасып жүрмін. Сен мұнда қашан келдің?

– Түнде.

– Бәсе, сені тамақта көрмедім. Менің келгеніме де үш күн болды. Наум Гребневпен үлкен бір томдық орысша кітабымды қарап жатырмыз. Жазу столында ұзақ отыра алмаймын. Біраз жүруге шықтым. Серуендеу керек, дейді дәрігерлер. Олардың айтқанының бәрін орындауға тырыспа. Сен қаншаға келдің, Роллан?..

– Елу алтыға кеше келдім.

– Мықтап жуатын жас екен. Ертең өзің білетін Магомед Ахметов келеді. Мені Дағыстанға алып кетпек. Қазір Дағыстан Жазушылар одағының бастығы сол Магомед інің. Сені жақсы көреді, сыйлайды. Сені Махачкалаға шақырам деп өзеуреп еді, сені таба алмады. Сен Лондон асып кетіпсің. Ал мен енді үйге кірейін. Сәл шаршадым. Кешке кездесейік. Мені Наум досым тосып қалған болар.

Расул ағамды санаторийге кіргізіп салдым да, есік алдында бөгеліп темекі тарттым.

Расул Ғамзатовтың қартайған шағын көру ауыр еді. Кезінде қарттыққа бой берген ұлы Бауыржан Момышұлын көргенде де бір түн ұйықтай алмай қатты қиналғаным бар. Әулие адамдардың қартайған шағын енді қайтып көрсетпесін деген едім. Жаңа ғана қартайып, күйзеліп күн кешіп жүрген Расулды көру азап болатын. Адам қанша туласа да уақыттың құлы. Бірақ, адам өзін қартаймайтындай, өлмейтіндей көреді ғой.

Адам өмірі өлшеулі, уақыт мәңгі.

Мен қайтадан сап-сары жапырақтарды жапырып, қалың тоғайдың ішіне еніп кеттім. Серуенге шығарда Переделкинода тұратын асыл достарым Анатолий Ким мен Владимир Личутинге жолығуды ойлағам.

Расул Ғамзатовты көрген соң, көңілге көлеңке түсіп, жабырқаған жаным жалғыздық тіледі.

Қалың орыс орманына ендеп кірген сайын, жалмауыз жалғыздық мені түпсіз тереңіне тартып әкетіп бара жатыр еді.

Алыстан жалғыз иттің үргені естілді. Сонан соң тыныштық орнады. Ал мен қайтадан темекі тарттым. Бірақ жалғыздық мені тегеурінді құшағынан босатқан жоқ.

Переделкино. Екінші күн. Кеш

Менің есігімді тоқылдатып-тоқылдатып алып, батыр тұлғалы Магомед Ахметов бөлмеге жарқырай жымышп кіріп келді.

– О, Роллан Шакенович, Сізді де көретін күн бар екен-ау! – Магомед мені құшақтап тұрып барып, – Сіз екеуміз осы Переделкинода қанша рет кездестік! Қанша рет арақ іштік.

– Қанша жазу жаздық, Магомед!..

– Сіз маған қанша ақыл бердіңіз. Үлкендерді құрметте, жастарды сыйла, Магомед деуші едіңіз. Аспа, саспа, кеуденді көтерме, бос мақтанға еріп, лағып кетпе – деген сөздеріңізді де мен ұмытқам жоқ. Бәрі есімде. Сізге мың да бір рахмет.

– Ақылымды алған саған рахмет, Магомед.

– Расул бөлмеде тосып отыр. Сізді жылдам жеткіз. Мені тастап өздерің жеке ішіп кетіп жүрмеңдер, – деді.

– Расул айтады ғой! – дедім күліп.

– Сәл шаршап отыр, әйтпесе келісті қалыбын бұзған жоқ.

Расул Ғамзатовтың бөлмесінде бізді жаюлы ғажап дастарқан тосып тұр еді. Аппак дастарқанда Дағыстанның дәмдері, орыстың балығы, сәбізі, жуасы, ұзын бойлы коньяк бөтелкелері әзер сиып тұрған.

– Жоғарыла Роллан, жайғасып отыр. Мен баяғыдай іше алмаймын. Магомед сен маған стаканға толтырып Дағыстанның коньягын құй, – деді Расул.

Жүзінде шаршау болғанымен, Расул ағамыздың көңілі жайдары еді.

– Наум саған сәлем айтты. Шешесі ауырып үйіне кетті. Сен Наумның Жүсіп Бала-сағұнды орысшаға аударған кітабын «Абай кітапханасында» шығарыпсың. Рахмет айтып жатыр. Ертең көрісесіңдер. Ал мынаның бір жұтымын үнсіз ішіп жіберейік. Тост алдындағы дайындық-разминка болсын.

Біз үнсіз ішіп салдық. Расул екі ұрттап стаканын столға қойды.

– Мен осылай ұрттап ішетін халге түскем, Роллан.

– Алла тағала, бізді де ұрттап ішуге жеткізсін, – дедім.

– Оның бетін ары қылсын де, Роллан. Ішкен соң бұл коньякты ұрттап емес, тостағандап ішу керек, – деп күлді Расул. – Жарықтық Патимат ханум, Расул абайлап іш деуші еді. Ал мен оған, Патимат мен үш-ақ ұрттадым ғой дейтінмін. Сонда Патимат, сенің бір ұрттағаның бір тостаған деуші еді. Ал енді ішпе дейтін Патимат о дүниеге кетті, мен орталарыңда отырмын, ішуге шама жоқ. Маған ұқсаймын деп мына Магомед інің де көп ішті. Қазір ұрттап алмайды. Қуаттаймын. Бұл арақты аристократтар сияқты жүз грамм ғана ішу керек. Ал кавказдықтар бөшкенің түбін көрмей тоқтамайды.

– Қазақтар да солай, – дедім.

Расул ағамыздың сөзін тыңдап отырып, не күлерінді, не жыларыңды білмейтінсің.

Ол кісінің әзілі от еді ғой. Тауып сөйлейтін, лезде тауып айтатын. Қартайса да жатып атар сөздері сол баяғыдай қалжыңға толы болатын.

– Магомед, мына Роллан ағаң палуандықты тастап жазушылыққа ауысқаны дұрыс болды. Әдебиет әлемінің күресі бітпейтін айқас қой. Демалыс жоқ. Ес жиып үлгермейсің, өйткені тоқтау да жоқ, тоқырау да жоқ. Әдебиет әлемінің күресі сені көрге дейін сүйреп апарды. Ол сайқал күрес, сенің тәніңді құрт-құмырсқа жеп болған соң да тоқтамайды. Әдебиет әлеміндегі күрес қалғымайтын бақталастыққа толы. Өнерді таңдаған пенде, өлімге бір табан жақын тұрады – деп Расул қарқылдап күлді. – Қазір айтуға оңай. Кезінде қиын болған. Мына Магомед сол әдебиет күресінің бел ортасында отыр. Шашы да ағарып кетті.

– Шаштың ағарғаны түк емес, Расул аға, жанның күңіренетінін қайтесіз?!. Роллан Шакеновичтің елі үш жүзге бөлініп күреседі. Ал Дағыстанда отыз ұлт бар. Отыз ұлттың жазушылары бар. Отыз тіл бар. Осылардың бәрі бірігіп бір қазанның ішінде қайнағанда, небір сұмдықтар шығып жатады ғой. Құдай оның бетін ары қылсын!..

– Қазақтың үш жүзге бөлінген күресі, біздің отыз ұлттың соғысынан асып түседі, – деп жымиды Расул аға. – Бұның бәрі өз арамыздағы қалжың. Қалжыңның ортасында шыңғырған шындық та бар әрине.

– Расул аға, Роллан Шакенович үшін ішейік.

– Өте дұрыс. Бұл алыста жүрген жалғыз қасқыр. Жортқанда жолың болсын, жас казак, – деп Расул коньяктан тағы да екі ұрттады.

– Сіз ұрттауды көбейтпеңіз, ертең ауырлап қаласыз, – деді Магомед.

– Ертеде мен бұларға байқап ішіндер деуші едім, енді бұлар маған байқап іш дейді. Дүние кезек деген осы. Саған ерегескенде мен тағы бір ұрттайын да, тоқтайын, – деді Расул.

Әзіл, қалжың бас көтерген әдемі кеш еді. Расул Магомедке өлең оқытты. Наум Гребнев орысшаға аударған өзінің соңғы өлеңдерін де оқып, сәл дамылдап үнсіз отырды.

– Сендер дәлізге шығып темекі тартып қайтыңдар. Мен сәл жата тұрайын. Бел қинап тұр, – деді Расул.

Біз темекі тартып бөлмеге енгенде, Расул әлі төсекте жатыр еді.

– Мен қайтайын. Сіз дем алыңыз, Расул Ғамзатович, – дедім.

– Роллан, кештің шырқын бұзба, отыр. Демал. Магомед, сен қонақты ренжітсең де, қонақтың стаканын ренжітпе.

Магомед стаканға ашулы Дағыстан коньягын құйды.

Расул ағам көзін жұмып, үнсіз қалды. Аздан соң барып, көзін ашпастан сөз бастады.

– Мен Мұхтар Омарханұлы Әуезовті соңғы кездері жиі есіме аламын. Неге екенін білмеймін, Мұхтар ағам ойға орала береді.

Сәл үнсіз жатты. Ақырын жөтелді.

– Магомед, аяғымды одеялмен жапшы, – деп сұрады.

Магомед шапшаң орнынан атып тұрып Расулдың аяғын қымтап жапты.

– Роллан маған бекер кездеспеген болар, мен сендерге Мұхтар ағам туралы бір әңгіме айтайын. Роллан сен тыңда. Ал сен, Магомед менің сөздерімді түртіп алып отыр.

Роллан Сейсенбаев Дешті-Қыпша даласы, Жидебай

Басы 168-нөмірде (Жалғасы бар)